

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерін ауыстыру туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі N 300 қаулысына өзгерістерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 29 қыркүйек N 378 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 9 қарашада тіркелді. Тіркеу N 1670. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 мамырдағы № 86 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.05.2017 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдау мерзімін ұзарту мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерін ауыстыру туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі N 300 V001231_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

6-тармақтың үшінші және төртінші бөліктеріндегі "5 (бес) жыл" деген сөздер "10 (он) жыл" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

3. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Мәжитов Д.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы
Мамандар:
Омарбекова А.Т.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК